


Тіректердің аяқ жағы башмақтармен (табандармен) бітеді немесе оларды жалғайтын тіректі плитамен бекітеді.

Сонымен қатар көтеріп – түсіретін құрылғылар болады, олар тіректерді 0,46 – 1,37 м/мин жылдамдықпен түсіріп, көтереді.

*ӨКБҚ - ның технологиялық жабдықтары.*



**2.8-сурет.** «Бакы» ӨКБҚ-да мұнаның айналасы

Теңіз акваторияларында бұрғылау жұмыстарын жүргізу тәжірибесі жүзбелі бұрғылау қондырғыларына қойылатын бірқатар талаптарды анықтады:

- Ұңғыны құру кезінде бұрғылау қондырғыларының жоғарғы өнімділігі.

- Бұрғыланып аяқталған ұңғыдан ӨКБҚ–сын жаңа нүктеге жылдам орнын ауыстыру;

- өте үлкен емес, жақын арақашықтыққа жүзілуін қамтамасыз ету;

- осы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- автономдылығы, яғни дұрыс бұрғылауға жеткілікті материалдар қорымен және қызмет көрсету персоналын қажетті тағамдармен, тұру жағдайларымен қамтамасыз ету;

Технологиялық жабдықтар кешені мыналардан тұрады.

- Ұңғыларды бұрғылауға арналған бұрғылау қондырғысы.

- Бұрғылау ерітіндісін беруге, дайындауға, сақтауға және оның бұрғыланған жыныстан тазартуға арналған жабдық;

- Ұнтақтәрізді материалдарды сақтау жабдығы;

- Ұңғыны бекіту кезінде цемент ерітіндісін дайындау және айдау жабдығы;